

«Мен тұратын өңірдің танымал адамдары» жас өнертанушылардың республикалық байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Мен тұратын өңірдің танымал адамдары» республикалық жас өнертанушылар байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: туған өлкенің белгілі шығармашыл тұлғаларының өмірі туралы зерделеу және түсініктерін қалыптастыру, Қазақстанның дамуына ерекше үлес қосқан музыканттардың, суретшілердің, мәдениет қайраткерлерінің нақты тарихы үлгісінде табыстылықты, уәждемені, бәсекеге қабілеттілікті және білімге ұмтылысты насихаттау.

Байқаудың міндеттері:

- 1) өз өңірінің қызықты және табысты шығармашылық адамдарымен танысу арқылы балалардың өмірлік бағдары мен мақсаттарын қалыптастыру;
- 2) туған өлкенің мәдени мұрасын зерделеу және қорытындылау;
- 3) балалар арасында жеке өзін-өзі анықтауды танымал ету;
- 4) білім алушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қашықтан өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2023 жылғы 01 тамызға** дейін konkurs.muz@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2023 жылғы 01 тамыздан кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау жұмыстары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары **2023 жылғы 1 қыркүйекте** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушылар Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар міндетті түрде әлеуетті қатысушыларды Байқауды өткізу мерзімі мен қорытындысын орналастыру мерзімі өзгергені туралы хабардар етеді.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін konkurs.muz@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінім;
- 2) электронды түрде байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 7-17 жастағы (18 жасқа дейін) келесі жас санаттары бойынша білім алушылар қатысады:

- кіші жас санаты: 7-10 жас;
- орташа жас санаты: 11-14 жас;
- жоғары жас санаты: 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Туған өлкенің танымал шығармашыл тұлғалары» - туған өлкенің атақты шығармашыл тұлғаларының өмірін зерделеуге бағытталған зерттеу жұмыстарының байқауы (музыканттар, суретшілер, өнер және театр қайраткерлері). Байқауға арналған жұмыстар презентация форматында қабылданады ppt, pptx, odp.

Жобаны қорғау кезінде мыналар ашылуы тиіс:

- ақпараттың шынайылығы;
- иллюстрациялық фотоматериалдың жеткіліктілігі;
- тақырыптың толық ашылуы, презентация құрылымының қисындылығы;
- мәтіндердің сапасы;
- презентацияны ресімдеу, оны пайдаланудың ыңғайлылығы және түсініктілігі;
- жұмыстың жаңалығы, өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстан жалпы әсер.

2. «Жеке кездесу» - бейне репортаждар байқауы. Байқауға өңірдің танымал шығармашылық адамдарының (музыканттар, суретшілер, өнер және театр қайраткерлері) өмірі туралы бейнерепортаждар, бейне сұхбаттар ұсынылады. Байқауға басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын, Байқау тақырыбына сай келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

Бағалау өлшемдері:

- жасампаздық;
- әлеуметтік маңыздылығы;
- бейнематериалдардың сапасы.

<http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған MP4 форматындағы бейнематериал сілтемесін konkurs.muz@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

3. «Шығармашылық адамдар әлемі» - өз шығармаларынан өлеңдер байқауы.

Жұмыс Word форматында жазылады, қаріпі Times New Roman 14, бірыңғай жоларалық интервал, мәтінді түзету – беттің ені бойынша, жақтаулары: сол жағынан – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см . Жұмыстың көлемі А4 пішіндегі 1 беттен аспауы тиіс.

Байқау жұмысын бағалау өлшемдері: байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі; стилистикасы, рифма күрделілігі; сонылығы мен көркемдігі; ықшамдығы және түсініктілігі.

11. Байқау жұмысының титул парағында мыналар көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;
білім беру ұйымының аталуы;
байқау және номинациясының аталуы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
e-mail, байланыс мәліметтері;
жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
жетекшісінің лауазымы және жұмыс орны.

12. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

Байқауға бұрын өткізілген байқауларға қатыспаған жаңа туындылар қабылданады.

4. Байқауды қорытындылау

13. Байқаудың қорытындысы бойынша әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

14. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар беріледі.

Дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 64 75 92.

Ережеге қосымша

Қатысушы өтінімі

Қатысушының тегі, аты, жасы	Облыс, аудан, қала (ауыл), үй мекен-жайы, ұялы телефоны, электронды поштасы	Білім беру ұйымы (аталуы)	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың аталуы	Педагогтің (толық), лауазымы және жұмыс орны	Педагогтің байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)